ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қаржы нарығына шолу

2020 жылғы II тоқсан

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарыққа қатысушылар үшін өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер жария етіледі.

Құжатты Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында электрондық нұсқада жарияланады.

Мазмұны

Кіріспе **4**

I. 2020 жылғы II тоқсандағы қаржы нарығы **5**

II. Ақша нарығы **6**

А) Ұлттық Банктің ақша нарығындағы өтімділікті реттеу бойынша операциялары 6

Б) МБҚ-мен авторепо нарығы 7

В) Своп нарығы 11

III. Валюта нарығы **13**

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы және ішкі факторлары 13

Б) Валюта нарығының жекелеген сегменттеріндегі жалпы жағдай 16

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар 19

Д) Қолма-қол шетел валютасының нарығы 22

IV. Қор нарығы 24

А) Корпоративтік облигациялар нарығы 24

Б) МБҚ нарығы 26

В) Акциялар нарығы 28

V. Депозит нарығы 30

А) Депозит нарығы 30

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері 33

VI. Кредит нарығы 35

А) Жаңа кредиттер беру 35

Б) Субъектілер бойынша жаңа кредиттер беру 36

В) Нетто-кредиттеу 38

Г) ЕДБ кредиттері бойынша берешек қалдығы (кредиттік портфель) 39

Қосымшалар

1-қосымша. Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу 14

2-қосымша. Өңірлер бөлігіндегі депозиттер 32

3-қосымша. Өңірлер бойынша жаңадан берілген кредиттер 36

4-қосымша. Салалар бойынша бизнеске кредиттер 39

Кіріспе

Мамыр-маусым айларында карантиндік шаралардың әлсіреуі және дағдарысқа қарсы бағдарламалардың іске асырылуы аясында жаһандық нарықтардағы жағдай біртіндеп жақсарды, бұл экономикалық белсенділіктің жандануына ықпал етті. Бұл ретте, коронавирустық пандемияның күшеюіне және сауда дауларының қайта басталуына байланысты шиеленістер сақталуда. Басым көпшілігінде II-тоқсан бойына Қазақстан қатаң шектеулер режимінде болды, бұл қаржы секторында да, Қазақстанның бүкіл экономикасында да елеулі дәрежеде көрініс тапты.

Ақша нарығында карантиндік шаралардың салдарын жеңілдету мақсатында базалық мөлшерлеме 9,5%-ға дейін төмендегеннен кейін жағдай тұрақтанды. Ақша нарығының мөлшерлемелері өздерінің орташа мәндеріне оралды. Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру, сондай-ақ карантиндік шаралар жағдайында ҚРҰБ-тың теңгемен өтімділігін беру және алу бойынша қосымша терезенің жұмыс істеуін уақытша тоқтата тұру аясында ақша нарығында өтімділік ұсынысы өсті. ҚРҰБ ноталарынан алынатын өтімділіктің ағынына байланысты депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция арта түсті.

Валюта нарығындағы жағдай карантиндік шектеулердің біртіндеп әлсіреуіне байланысты әлемдегі экономикалық белсенділіктің қалпына келуі аясында наурыздағы елеулі күтілмеген өзгерістерден кейін біртіндеп тұрақтанды. Бұл мұнай бағасының өсуіне алып келді және инвесторлардың тәуекел активтеріне, оның ішінде дамушы елдердің валюталарына деген сұранысын арттырды. Квазимемлекеттік сектор қатысатын шаралар аясында валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың қалыпты теңгерімділігі теңгеге қосымша қолдау көрсетті. Дегенмен, ағымдағы жылғы маусымда көптеген елдерде коронавируспен аурудың күрт өсуі жаһандық экономикалық перспективаларға қатысты белгісіздікке әкелді.

Қор нарығында бастапқы нарықта МБҚ эмиссиясының көлемі елдегі жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру үшін бюджет тапшылығын қаржыландыру қажеттілігінің өсуі аясында едәуір өсті. Банк өтімділігінің ҚРҰБ ноттарынан ҚРҚМ МБҚ-ға «ағуы» үшін ҚРҰБ жылдық ноттарын шығару тоқтатылды. Корпоративтік секторда I тоқсанмен салыстырғанда қаражат ағыны 2 есе өсті. Орналастыру көлемі бойынша квази-мемлекеттік сектор мен ЕДБ көш бастап тұр. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды. Сәуірде және маусымда акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі едәуір өсті, мұнда экономиканың нақты секторындағы компаниялар негізгі эмитенттер болып табылады.

Кредит нарығында енгізілген карантин аясында елде бөлшек және корпоративтік секторларда кредиттік белсенділіктің баяулауы байқалды. Бөлшек секторда кредиттеудің төмендеуі тұтынушылық кредиттеудің қысқаруымен, корпоративтік сегментте – сауданы кредиттеудің төмендеуіне байланысты болды.

Депозиттік нарықта ұлттық валюта нығайғаннан кейін қайта бағалауға байланысты валюталық салымдардың төмендеуі есебінен депозиттер көлемінің төмендеуі байқалды. Теңгелік салымдардың өсуі және валюталық депозиттердің төмендеуі аясында депозиттердің долларлануы төмендеді. Ағымдағы жылғы мамыр-маусымда ҚДКБҚ салымшылардың кетуіне жол бермеу және екінші деңгейдегі банктер үшін қорландыру құнын төмендету үшін базалық мөлшерлеменің төмендеуінен кейін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді төмендету бойынша теңгерімді саясат жүргізді.

I. 2020 жылғы II тоқсанда қаржы нарығындағы ахуал

Банкаралық мәмілелер сегментін және өтімділіктің бастапқы нарығындағы кейбір операцияларды қоспағанда, қаржы нарығындағы операциялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та (бұдан әрі – KASE) жүргізіледі.


Биржадағы сауда-саттықтың негізгі үлесі ақша және валюта нарықтарына тиесілі. 2020 жылғы сәуір-маусымда биржадағы сауда-саттықтың жалпы көлемі 29,5 трлн теңге, оның ішінде:

- репо операциялары нарығы – 22,6 трлн теңге (76,6%);
- своп нарығы – 2,5 трлн теңге (8,5%);
- шетел валютасының нарығы – 2,3 трлн теңге (7,7 %) болды.

Қаржы министрлігінің МБҚ орналастыру көлемі 866 млрд теңгені құрады.

1-график

Биржадағы сауда-саттық көлемі, трлн теңге



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

1. Ақша нарығы

2020 жылғы II тоқсанда базалық мөлшерлеме бойынша бір кезектен тыс және екі кезекті шешім қабылданды. 3 сәуірде базалық мөлшерлеме пайыздық дәлізді +/-2 п.т. дейін кеңейте отырып 9,5%-ға дейін төмендетілді. Мөлшерлемені төмендету карантиндік шаралардың салдарын жеңілдетуге, іскерлік белсенділікті қолдауға және экономиканы кредиттеу үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған болатын. 27 сәуірде және 8 маусымда базалық мөлшерлеме 9,5% деңгейінде сақталды.

Базалық мөлшерлеме төмендегеннен кейін ақша нарығының мөлшерлемелері тұрақтанды және төменгі шекараға жақын дәліз ішінде қалыптаса отырып, орташа мәндеріне оралды.

Дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру аясында қатысушылар тарапынан ақша нарығында өтімділік ұсынысының өсуі, сондай-ақ карантиндік шаралар жағдайында Ұлттық Банктің ұлттық валютадағы өтімділікті ұсынуы және алуы бойынша қосымша терезенің жұмыс істеуін уақытша тоқтата тұру байқалды. Ұлттық Банктің ноттарынан алынатын өтімділіктің ағынына байланысты депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция өсуде.

А) Ұлттық Банктің ақша нарығындағы өтімділікті реттеу бойынша операциялары


Тоқсан ішінде ақша нарығы артық өтімділік жағдайында жұмыс істеді. Ақша нарығындағы өтімділіктің құрылымдық профициті тоқсанның соңында 4,4 трлн теңгеге бағаланды.

Ашық нарық операциялары шеңберінде ағымдағы жылғы сәуірдің ортасынан бастап депозиттік аукциондардың өтімділікті алу көлемінің өсуі байқалады. Маусымның қорытындысы бойынша депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция 878 млрд теңгені құрап, наурыздың аяғымен салыстырғанда 4,1 есеге артты.

Ұлттық Банктің ноттарымен өтімділікті алудың жалпы көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда наурыздың соңындағы 3,4 трлн теңгеден маусымның соңына 3,3 трлн теңгеге дейін 4,0%-ға төмендеді. Бұл ретте 6 және 12 айлық ноттардың үлесі 2020 жылғы наурыздың соңындағы 67%-дан 2020 жылғы маусымның соңына қарай 71%-ға дейін ұлғайды (2-график). Осылайша, алынатын өтімділік көлемінің ноттармен депозиттік аукциондарға алмастырылуы байқалды.

Жалпы алғанда, 2020 жылдың үшінші тоқсанында жылдық ноттардың шығарылуын алып тастауға байланысты шығарылатын ноттар көлемінің төмендеу үрдісі жалғасады деп күтілуде. Бұл шара Ұлттық Банктің ноттарынан Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарына банк өтімділігінің «ағынын» ынталандыруға бағытталған. Бұл Қаржы министрлігінің мемлекеттік облигацияларын сәтті орналастыруға және мемлекеттік бюджетті қаржыландыруға ықпал етеді. Үкімет елдегі жұмыспен қамтуды және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы шараларды іске асыру шеңберінде 2020 жылға арналған шығыстарды ұлғайтты.


2-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ұлттық Банктің тұрақты **қолжетімді операциялары** ретінде **өтімділікті алу** бойынша қысқа мерзімді мәмілелер: 1 күндік депозиттер, тікелей репо овернайт және валюталық своп мәмілелері; өтімділікті **беру бойынша**: кері репо және валюталық своп овернайт мәмілелері (3-график) пайдаланылды. Тоқсанның екінші жартысынан бастап теңгелік өтімділік ұсынысының өсуі аясында өтімділікті алу бойынша, негізінен тікелей репо арқылы және ЕДБ Ұлттық Банктегі депозиттері бойынша операциялар көлемінің өсуі байқалды.

3-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Б) МБҚ-мен авторепо нарығы

Ақша нарығының мөлшерлемелері базалық мөлшерлемені төмендетіп, сыртқы қаржы және тауар нарықтарындағы жағдайды жақсартқаннан кейін тұрақтанды және өздерінің орташа мәндеріне оралды (4-график).

4-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Мөлшерлемелердің жоғарғы шекараға жақын өсімі салық төлемдері кезеңіндегі әр айдың соңына келеді (4-график). РЕПО нарығында 1 күннен астам мерзімге қарыз алу құны негізінен төменгі шекараның жанынан орын алды, бұл осы сегментте теңге өтімділігі ұсынысының өсуіне байланысты болды. Тоқсан ішінде 1-күндік репо мәмілелері бойынша орташа есептелген мөлшерлемелер 7,64% -13,35% ауқымы шамасында, 7 күн мерзімімен- 8,06% -13,07%, 14 күн мерзімімен – 8,57% -13,00%, 28 күн мерзімімен – 8,49% -13,01% аралығында өзгерді.

Тоқсан ішінде мерзімі 1 күннен астам авторепо нарығында ашық позициялардың өсуі байқалды. Мамырдың екінші жартысынан бастап 28 күндік репо сегментінде ашық позициялардың айтарлықтай өсуі орын алды (5-график). Нәтижесінде ашық позициялардың жалпы көлеміндегі біркүндік мәмілелердің үлесі 2020 жылғы I тоқсандағы 72,1%-дан 67,3%-ға дейін төмендеді. МБҚ-мен біркүндік авторепо нарығындағы мәмілелердің орташа күндік көлемі күніне 306,3 млрд теңгені құрады.

5-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Ақша нарығындағы өтімділік көлемінің елеулі өсуімен сипатталатын алдыңғы кезеңмен салыстырғанда, 2020 жылғы II тоқсанда МБҚ-мен авторепо нарығындағы

мәмілелер көлемі 22,0 трлн теңгеге дейін 4,8%-ға төмендеді. Осыған қарамастан, 2020 жылғы II тоқсанда тіркелген көлемдер алдыңғы кезеңдердегі орташа мәндерден едәуір жоғары (2019 жылы орташа есеппен – 17,8 трлн теңге).


Овернайт репо нарығы

Ұлттық Банктің ақша нарығындағы операцияларының мақсаты TONIA[1] таргеттелетін мөлшерлемесін базалық мөлшерлеме деңгейіне жақын пайыздық дәліз шегінде ұстап тұру болып табылады. Овернайт репо нарығының мөлшерлемесі 2020 жылдың екінші тоқсанында өзінің орташа мәндеріне оралды және төменгі шекараға жақын дәліз ішінде қалыптасуды жалғастыруда.

Күн ішінде бір күндік репо-ның орташа өлшемделген мөлшерлемесін қалыптастыру негізінен төмендейтін траектория бойынша (6-график, қызыл бағандар) орын алды. Бұл ретте сауда-саттықты ашу және жабу кезіндегі мөлшерлемедегі айырмашылық біртіндеп қысқарады және дағдарысқа дейінгі деңгейге оралады, бұл бір күндік репо нарығының тұрақтануын көрсетеді.

6-график

Репо овернайт мөлшерлемелерінің бір күн ішінде өзгеруі




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Ұлттық Банктің мәмілелерінен тазартылған TONIA мөлшерлемесі сәуірдің басынан бастап овернайт репо мөлшерлемесінен айтарлықтай ауытқуды көрсетуде. Өтімділіктің жоғары ұсынысы аясында пайыздық дәліздің төменгі шекарасы бойынша операциялардың басым болуы TONIA мәнінің төмендеуіне әкелді. Алайда, Ұлттық Банктің қатысуынсыз нарықта теңгемен қарыз алудың нақты құны олардың арасындағы алшақтықтың қысқаруына қарамастан, TONIA мөлшерлемесінің деңгейінен жоғары қалыптасады (7-график).

[1] TONIA индикаторы (Tenge OverNight Index Average) МБҚ-мен автоматты репо секторында биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа есептелген пайыздық мөлшерлемені білдіреді.


7-график



Дереккөз: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Банктердің овернайт репо нарығындағы өтімділікке деген сұранысы төмендеді (8-график). Бірқатар банктердің өтімділікке сұраныс аймағынан ұсыныс аймағына ауысуы есебінен Ұлттық Банктің бір күндік авторепо нарығына қатысу үлесі бір тоқсанда ұлғайып, шамамен 20%-ды құрады. Банктер тарапынан өтімділік ұсынысының өсуі дағдарысқа қарсы шаралар, сондай-ақ карантин шаралары жағдайында Ұлттық банктің ұлттық валютадағы өтімділікті ұсынуы және алуы бойынша қосымша терезенің жұмыс істеуін уақытша тоқтата тұру аясында болды.

8-график




Дереккөз: Қазақстан қор биржасы

Жалпы, банктер репо нарығының негізгі қатысушылары болып қала береді (8-график). Өтімділікті орналастыру бойынша олардың операцияларының орташа үлесі 2020 жылғы II тоқсанда 80,3%-ды, өтімділікті тарту бойынша ЕДБ операцияларының үлесі - 20%-ды құрады.

Қарастырылып отырған кезеңнің көп бөлігінде тұрақты қол жеткізу операцияларына, оның ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да жүргізілетін валюталық своп пен РЕПО операцияларына, Ұлттық Банктің депозиттер тартуына және қолма-қол шетел валютасымен операцияларына уақыт бойынша 15:00-ге дейін шектеу қолданылды.

Тиісінше, сауда-саттықты өткізу уақыты қысқарды және осыған байланысты өтімділікті уақыт бойынша бөлу сауда-саттықтың таңертеңгі уақытына ауысты (9-график).

9-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Б) Своп нарығы


2020 жылғы II тоқсанда бір күндік своптар нарығындағы мәмілелер көлемі екі күндік своптар нарығының тарылуы кезінде 64,7%-ға дейін (I тоқсанда 27,7%) едәуір ұлғайды. Бір күндік своп мәмілелері нарығының орташа күндік айналымы өткен тоқсанмен салыстырғанда күніне 26%-ға 25,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

10-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

11-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банк

СВОП мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсуді көрсетті. Своп-тың 2 күндік мәмілелері бойынша мөлшерлемелер 7,68% -13,5%, ал 1 күндік мерзімді мәмілелер бойынша - 7,49% -13,42% аралығында өзгерді (11-график).

III. Валюта нарығы


2020 жылғы II тоқсанда валюта нарығындағы жағдай ағымдағы жылғы наурыздағы елеулі күтілмеген өзгерістерден кейін қолайлы сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен біртіндеп тұрақтанды. Сәуір-мамырда теңге мұнай бағасының өсуі, сондай-ақ экономикалық қызметтің жаппай қалпына келуі аясында нығаюды көрсетті. Бұл факторлар өз кезегінде инвесторлардың тәуекел активтеріне, оның ішінде дамушы елдердің валюталарына деген сұранысын арттырды. Валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың қалыпты теңгерімділігі ұлттық валютаға қосымша қолдау көрсетті. Алайда, маусымда көптеген елдерде коронавируспен ауырудың күрт өсуі жаһандық экономикалық перспективаларға қатысты белгісіздік тудырды және дамушы елдер валюталарының, оның ішінде Ресей рублінің әлсіреуіне ықпал етті.

А) Айырбастау бағамы қалыптасуының сыртқы және ішкі факторлары

ОПЕК-ке мүше елдердің сәуірдің басында қол жеткізілген мұнай өндіруді қысқарту туралы уағдаластықты сақтауы нәтижесінде ағымдағы жылғы II тоқсанда мұнай бағалары қалыпты өсуді көрсетті. Сондай-ақ, нарық конъюнктурасына энергия тасығыштарға сұраныстың қайта жандануы және мұнайдың әлемдік қорының төмендеуі оң әсер етті. Осылайша, көрсетілген кезеңде мұнай бағасы бір баррель үшін 22,74-тен 41,15 АҚШ долларына дейін 1,8 есе өсті. АҚШ, ҚХР және ЕО сияқты жекелеген елдердің іскерлік белсенділіктің қалпына келгенін көрсететін статистикалық мәліметтерінің шығуы инвесторлардың тәуекелге әуес болуының артуына ықпал етті. Жоғарыда көрсетілген қолайлы сыртқы факторлар аясында Ресей рублі 9,4%-ға, Қытай юані – 0,2%-ға және Еуро - 1,8%-ға нығайды (12-график).

12-график

Валюта серпіні және мұнай бағасы (2019 жылғы 31 желтоқсан = 100*)



Дереккөзі: Thomson Reuters, Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банктің есептері

2020 жылғы II тоқсанда теңгенің нығаюына мүмкіндік берген ішкі факторлардың ішінде, бірінші кезекте, Ұлттық Банк ҚР Үкіметімен бірлесіп әзірлеген шетел валютасының ұсынысын ұлғайту жөніндегі шараларды бөліп көрсету қажет. Атап айтқанда, экспорттық валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті түрде сату және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық депозиттерді ҚР банктеріндегі шоттарға аударуы, заңды тұлғалардың валютаны сатып алу/сату талаптарын күшейту валюта нарығындағы ұсыныстың ұлғаюына алып келді. Ұсыныстың тағы бір маңызды көзі республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттер бөлу мақсатында Ұлттық қордан валюта сату болды. Сонымен қатар, аталған кезеңде карантин шараларын енгізу салдарынан шетел


валютасына сұраныстың жалпы төмендеуі байқалды. Бұл жағдайлар валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін қалпына келтіруге алып келді. Валютаны сатып алуға арналған өтінімдер саны сатуға арналған қарсы өтінімдер санынан басым асып кеткеніне қарамастан, сатуға арналған өтінімдер биржалық нарықтағы сатып алуға арналған өтінімдермен салыстырғанда едәуір үлкен көлемге ие болды (13-график).

Сәуір-маусымда Ұлттық Банк тұрақсыздандыратын сыртқы күтілмеген өзгерістер ықпалының тоқтауына байланысты шетел валютасын сату нысанында интервенция жүргізген жоқ.

2020 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша АҚШ долларына қатысты теңге бір АҚШ доллары үшін 447,67-ден 404,07 теңгеге дейін 9,7%-ға (жыл басынан бері әлсіреу - 5,6%) нығайды.

13-график

АҚШ долларын сатуға және сатып алуға өтінімдер саны



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

1-қосымша

Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2020 жылғы 2-ші тоқсан ішінде дамушы елдердің АҚШ долларына қатысты валюта бағамдарының[2] көпшілігі нығайды.

Жаһандық инвесторлардың тәуекелге әуестігі мен елдің МБҚ-ға шетелдік капиталдың әкелінуі аясында **Индонезия рупиясы** 12,5%-ға (16 310-нан 14 265-ке дейін) нығайды. Сонымен қатар, Орталық Банк төмен инфляцияны және ағымдағы шоттың тапшылығын ескере отырып, Индонезия рупиінің бағаланбағаны туралы хабарлап, ауызша интервенциялармен айырбастау бағамын қолдады. Сәуір мен мамырда экономистердің болжамдарына қарамастан, реттеуші айырбастау бағамының тұрақтылығын қолдау және пайыздық мөлшерлемелердің оң дифференциалын сақтау үшін негізгі мөлшерлемені екі рет 4,5% деңгейінде өзгеріссіз қалдырды.

ОПЕК+ елдерінің уағдаластықтары есебінен жанармайға сұраныстың қайта жандануы және оның ұсынысының қысқаруы арқасында мұнай бағасының бір тоқсанда шамамен баррель үшін $41,15 деңгейіне дейін екі есе қалпына келуі аясында **Ресей рублі** 9,4%-ға (78,58-ден 71,2-ге дейін) нығайды. 1 тоқсанда бейрезиденттердің ФҚО-ға салған инвестициялары 176 миллиард рубльге өсті. 1 тоқсанда бейрезиденттердің ОФЗ-ға салған салымдарының көлемі 176 млрд рубльге өсті. Алайда резиденттер салымдарының неғұрлым тез өсуі аясында ФҚО-дағы шетелдік инвесторлардың үлесі маусымның соңында

[2] *АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан дамушы елдердің ең көп сатылатын валюталары*

30,6%-ға дейін (наурыз айының соңында 31,6%) төмендеді. Қарастырылып отырған кезең ішінде РФОБ шешуші мөлшерлемені төмендету циклін қайта бастады, ол тоқсанның соңына қарай 4,5%-ға (кезең ішінде - 1,5 п.т.) жетті. Бюджеттік ереже шеңберінде 2020 жылғы мамырда Urals маркалы мұнай бағасы бір барреліне 25 АҚШ доллары белгісінен асып түскеннен кейін бюджеттік ереже шеңберінде ФҚО-ның монетарлық саясатты жұмсарту аясында инвесторлар үшін тартымдылығының төмендеуі, ағымдағы жылғы маусымнан бастап РФОБ валютасын сатудың қысқаруы Ресей рублінің бағамына теріс әсер ете бастады.

Мексика песосы инвесторлардың тәуекелге әуестігін қалпына келтіру және АҚШ доллары бағамының жаһандық әлсіреуі аясында 2,9%-ға (23,67-ден 22,99-ға дейін) нығайды. 2020 жылғы 1-тоқсанда 1,6%-ға төмендейді деп күтілгенде ІЖӨ-нің 1,2%-ға төмендеуі туралы деректердің шығуы да қаржы нарықтарын біршама қолдады. Тоқсан ішінде Мексиканың Орталық Банкі базалық мөлшерлемені жиынтығында 1,5 п.т-ға үш рет 5%-ға дейін төмендетті.


Оңтүстік Африка ранды 2,7%-ға (17,84-тен 17,35-ке дейін) нығайды. Карантин шараларын алып тастау, шикізат пен металдар бағасының өсуі, сондай-ақ 2-тоқсанда шетелдік капитал ағымының қайта басталуы аясында экономикалық белсенділіктің қалпына келуі ОАР ұлттық валютасын қолдады. Орталық Банк қарастырылып отырған кезең ішінде негізгі мөлшерлемені 5,25%-дан 3,75%-ға дейін төмендетті, бұл ретте оның одан әрі агрессивті төмендеуі туралы күтулер соңғы отырыста дауыс берушілер арасында пікірлердің бөлінуі аясында азайды.

Үндістан рупиясы коронавирусқа қарсы әлеуетті вакцина туралы хабарламалар мен АҚШ-тың еңбек нарығы жөніндегі оң экономикалық деректерге байланысты инвесторлардың тәуекелге әуестігінің жақсаруы арқасында 0,2%-ға (75,63-тен 75,51-ге дейін) нығайды. ОБ базалық мөлшерлемені 4%-ға дейін (-40 б.т.) төмендетуді жалғастырды. Moody's рейтингтік агенттігі реформалардың баяу жүзеге асырылуына байланысты экономиканың әлсіз өсуінің ұзаққа созылған кезеңі туралы күтулер аясында жағымсыз болжаммен елдің тәуелсіз рейтингін Baa3-ке дейін нашарлатты.

Түрік лирасы мөлшерлеменің 8,25%-ға (тоқсан ішінде -1,5 б.т.) дейін төмендеуіне байланысты қысым аясында 3,5%-ға (6,62-ден 6,85-ке дейін) әлсіреді, бұл теріс нақты мөлшерлемелерге (маусымда жылдық инфляция 12,62% деңгейінде) алып келді және ұлттық валютадағы активтердің тартымдылығын азайтты.

Бразилия реалы экономиканың құлдырауы жөніндегі болжамдардың нашарлауы аясында 2020 жылы рекордтық 4,7%-ға дейін 5%-ға (5,21-ден 5,47-ге дейін) әлсіреді. Бұл ретте ақша-кредит саясатының тиімділігі ОБ бейтарап деңгейінің төменгі шегіне (тоқсанның соңында 3%) жеткен негізгі мөлшерлемені төмендетудің бұан кейінгі қадамдарының шектеулілігіне байланысты төмендейді. Нәтижесінде, ОБ Бразилия Конгресінен қайталама нарықта мемлекеттік және корпоративтік облигацияларды (яғни сандық жұмсарту) сатып алуға уақытша рұқсат алды, бұл айырбастау бағамына қосымша қысым жасайды.

Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының өзгеруі, % (2020 жылғы 2 тоқсан)



Дереккөзі: Bloomberg


Б) Валюта нарығының жекелеген сегменттеріндегі жалпы жағдай

Ағымдағы жылғы сәуір-мамырда биржалық валюта сауда-саттыққа қатысушылардың белсенділігі төмендеді, ол операциялар көлемі 1,7 және 1,6 млрд АҚШ долларына дейін қысқаруына және кейіннен маусымда 2,1 млрд АҚШ долларына дейін төмендеуіне әкелді. USD/KZT валюта жұбының биржалық сауда-саттығының жалпы көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 31,6%-ға қысқарып, 5,4 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы I тоқсанда – 7,9 млрд АҚШ долларын) құрады.

Төмендеу үрдісі банкаралық валюта нарығында да орын алды, онда сауда-саттықтың жалпы көлемі 23,8 млрд АҚШ долларына дейін 22,1%-ға біршама азайды (2020 жылғы I тоқсанда – 30,6 млрд АҚШ доллары) (14-график).

14-график

Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Ұлттық Банк


В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

2020 жылғы сәуір-мамыр ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 448,52 теңгеден бастап 411,55 теңгеге дейін біртіндеп нығайды. Сәуір-мамырда ең төменгі және ең жоғары мән арасындағы айырма 8,2% болды. Күн сайынғы сауда-саттықтың орташа көлемі де алдыңғы тоқсандағы деңгейден төмен – 83 млн АҚШ доллары болды (2020 жылғы I тоқсанда – 111,7 млн АҚШ доллары). 2020 жылғы II тоқсанда сауда-саттықтың ең жоғары күндізгі көлемі 22 сәуірде тіркеліп, 159,1 млн АҚШ доллары болды.

Маусымда Қазақстанның валюта нарығында әлем бойынша COVID-19 ауырғандар саны өсуі және әлем экономикасы жаңғыруына байланысты белгісіздік салдарынан пессимистік күтулер қалпына келді. Кейбір күндері айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 400 теңге белгісінен асуына қарамастан, маусымда теңгенің нығаюы бәсеңдеді және бір АҚШ доллары үшін 404,07 теңге белгісінде тіркелді. Биржа нарығына қатысушылардың белсенділігі 2020 жылғы II тоқсанның соңғы айында күрт өсті, және сауда-саттықтың орташа бір күндік көлемі 95,2 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды, бұл 2020 жылғы сәуір-мамырдағы деңгейден 14,7%-ға жоғары.

15-график

Валюта биржасындағы сауда-саттық көлемі және теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамының серпіні




Дереккөзі: Thomson Reuters, Ұлттық Банк

2020 жылғы II тоқсанда валюта нарығында 39%-дан астам мәміле жасалған сауда күні ішіндегі уақыт аралығы күндізгі сағат 10:15 пен 11:15 арасындағы уақыт сауда-саттықтың бастапқы сағаттары болды (2020 жылғы I тоқсанда – 42,3%) (16-график). Бұл ретте қаралып отырған кезеңде уақыт бойынша мәмілелердің барынша тең бөлінуі байқалды, бұл елде карантин енгізілу кезеңінде биржада қолданыста болған сауда-саттықты жүргізу уақытын қысқартумен байланысты. 11:15 бастап 13:15-ке дейін мәмілелер үлесі 38,5%-ға дейін ұлғайды (2020 жылғы I тоқсанда – 20,9%). Нәтижесінде, сәуір-мамырда 13:15-ке дейінгі мәмілелердің жалпы көлемі қорытынды биржалық көлемнен 77,6% немесе 5,4 млрд АҚШ долларынан 4,2 АҚШ доллары болды.

16-график

Сауда-саттық көлемін уақыт бойынша бөлу, сауда-саттықтың жалпы көлемінен %, лог. шкала




Дереккөзі: Ұлттық Банк, Қазақстан қор биржасы

Биржа нарығында мәмілелер түрлері бөлігінде спот, валюталық своп және фьючерс бойынша операциялар өтеді. 2020 жылғы II тоқсанда биржалық валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі (спот, валюталық своп және фьючерс мәмілелерін қоса алғанда) өткен тоқсанмен салыстырғанда 38,6%-ға азайып (2020 жылғы I тоқсанда – 18,6 млрд АҚШ доллары), 11,4 млрд АҚШ долларын құрады. Қаралып отырған кезеңде валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі 6,0 млрд АҚШ долларына дейін 1,8 есе төмендеді (2020 жылғы I тоқсанда – 10,6 млрд АҚШ доллары). Валюталық своп

операцияларының жалпы көлемі мәміле спотының көлемінен 10,2%-ға асып түсті (17-график).

17-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Ұлттық Банк

Своп нарығында бір және екі күндік, апталық және бір айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 2020 жылғы II тоқсанда бір күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 31,3%-ға ұлғайып, 3,7 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы I тоқсанда – 2,9 млрд АҚШ доллары) құрады; екі күндік валюталық своптар бойынша – 3,7 есе төмендеп, 2,1 млрд АҚШ доллары (2020 жылғы I тоқсанда – 7,6 млрд АҚШ доллары) болды.

Апта сайынғы және ай сайынғы своптар бойынша мәмілелер өте сирек жүргізілді, олардың жалпы көлемдегі үлесі әлі де аз, бар-жоғы 2,8%-ды құрайды. Апта сайынғы және ай сайынғы своптар бойынша мәмілелер көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 10%-ға ұлғайып, 165,0 млн АҚШ долларын (2020 жылғы I тоқсанда – 150 млн АҚШ долларын) құрады (18-график).

18-график




Дереккөз: Қазақстан қор биржасы

2020 жылғы сәуір-маусымда биржа нарығында қалыпты төмендеуі құбылмалылық орын алды, алайда ол дағдарысқа дейінгі кезеңнен жоғары деңгейде сақталуда (2020 жылғы қаңтар-ақпан). Теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдары арасындағы спредтер төмендеді. Теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс


пен ұсыныс бағамдары арасындағы ең көп аралық 0,95 теңге (2020 жылғы I тоқсанда -4 теңге) (19-график) болды.

19-график

Валюта биржасында теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Биржа нарығында теңгенің АҚШ долларына қатысты сұраныс пен ұсыныс бағамдарының арасындағы спреді



Дереккөзі: Thomson Reuters, Ұлттық Банктің есептері


Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Мәмілелер типтері бойынша банкаралық валюта нарығында спот, валюталық своп және форвард бойынша операциялар жүргізіледі. 2020 жылғы II тоқсанда биржадан тыс валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда 22%-ға төмендеді және баламасында 42,0 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы I тоқсанда – 53,9 млрд АҚШ долларын) құрады. Атап айтқанда, спот мәмілелерінің көлемі 22,1%-ға, своп мәмілелер көлемі – 31,2%-ға қысқарды. Спот мәмілелер операцияларының көлемі биржадан тыс валюталық своп операциялар көлемінен 38,6%-ға асты. Биржадан тыс мәмілелердің жалпы көлемінде форвардтық мәмілелердің үлесі аздаған болып қалды және 2020 жылғы II тоқсанда 2,5%-ды құрады (20-график).

20-график

Банкаралық валюта нарығындағы мәмілелер типі бойынша сауда-саттық көлемі




Дереккөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі

Биржалық спот операцияларынан асып түсетін банкаралық спот операцияларының айтарлықтай көлеміне қарамастан, осы мәмілелердің басым саны мен көлемі валюталық мәмілелерге, яғни шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі мәмілелерге жатпайды. Банкаралық нарық статистикасында валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша операциялар да көрсетіледі. Мысалы, 2020 жылғы II тоқсанда бір еншілес банктің көбінесе меншікті капиталын валюталық тәуекелдерден хеджирлеу бойынша операцияларының көлемі 18,5 млрд АҚШ долларын немесе биржадан тыс сауда-саттықтың жалпы көлемінен 79,4%-ды (2020 жылғы I тоқсанда – 60,6%) құрады. Аталған операциялар банктік топ ішінде жүргізілді және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасының сұранысы мен ұсынысының көлеміне және тиісінше, теңгенің айырбастау бағамының қалыптасуына әсер етпеді (21-график).

21-график

Банкаралық валюта нарығында KZT/USD валюта жұбы сауда-саттығының көлемі



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша мәмілелерсіз банкаралық нарықтағы спот сауда-саттықтың көлемі біршама аз және биржалық валюта нарығындағы спот сауда-саттық көлемімен салыстыруға келеді. 2020 жылғы II тоқсанда меншікті капиталды хеджирлеу бойынша мәмілелерді қоспағанда, банкаралық валюта нарығында сауда-саттықтың көлемі 4,9 млрд АҚШ долларын құрады, ол алдыңғы тоқсандағы көрсеткіштен 2,4 есе төмен (2020 жылғы I тоқсанда – 12,0 млрд АҚШ доллары).


Биржадан тыс валюта нарығындағы валюталық своп мәмілелері

Биржадан тыс валюта нарығында валюталық своп бойынша мәмілелер жүзеге асырылады, банктер ғана емес, сол сияқты бағалы қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушылары олардың қатысушылары болып табылады.

2020 жылғы II тоқсанда валюталық своп бойынша операциялардың көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 23,8%-ға төмендеп, 17,2 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы I тоқсанда – 22,5 млрд АҚШ долларын) құрады. Своп нарығындағы операциялар көлемінің жартысынан астамы – АҚШ доллары бойынша басқа валюталармен мәмілелерге 58,7% (2020 жылғы I тоқсанда – 78,5%) тиесілі болды. Бұл ретте валюталық своптардың АҚШ доллары және теңге бойынша үлесі своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 37,5%-ға дейін өсті (2020 жылғы I тоқсанда – 19,6%) (22-график).

22-график

Биржадан тыс своп нарығында валюталар бойынша операциялар



Дереккөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі


Биржадан тыс валюта нарығындағы форвардтық мәмілелер

Биржадан тыс валюта нарығында қатысушылары банктер ғана емес, сонымен қатар бағалы қағаздар нарығының басқа да кәсіби қатысушылары болып табылатын жеткізілімді және жеткізілімсіз валюталық форвардтар бойынша мәмілелер жүзеге асырылады.

2020 жылғы II тоқсанда форвардтық мәмілелердің көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 37,6%-ға ұлғайып, 1040,2 млн АҚШ долларын (2020 жылғы I тоқсанда – 756 млн АҚШ долларын) құрады. Форвард нарығында операциялардың негізгі көлемі – 82,8% (2020 жылғы I тоқсанда – 82,4%) АҚШ доллары/теңге жұбы бойынша мәмілелерге тиесілі болды. Теңгені сатып алумен/сатумен байланысты емес форвард мәмілелері басқа валюталармен мәмілелерге жатады және олардың үлесі форвард нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 14,1% (2020 жылғы I тоқсанда – 12%) болды (23-график).

23-график

Форвард нарығында валюталар бойынша операциялар



Дереккөзі: Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі


Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Thomson Reuters деректеріне сәйкес 2020 жылғы сәуір-маусымда доллар-теңге жұбы бойынша жеткізілімсіз валюталық форвардтарға (NDF) баға белгілеу салыстырмалы түрде тұрақты серпінді көрсетті. Бұл ретте мамыр-маусымда NDF мөлшерлемелерінде оң

үрдіс байқалды. Көрсетілген кезеңде 3-айлық валюталық форвардтар бойынша мөлшерлемелердің ең жоғары мәні мамырдың басында 17,3% деңгейінде тіркелді. Белгісіздік пен ұлттық валютаның әлсіреуін күтуден инвесторлардың тәуекел-сыйлықақыларын осылай өсіру мамырдың ортасында реттелді.

2020 жылғы II тоқсанда орташа алғанда айырбастау бағамы бойынша күтулер 12 айлық валюта форвардтары бойынша биржалық айырбастау бағамының деңгейінен 9,7%-ға (2020 жылғы I тоқсанда – 8,6%), 3 айлық валюта форвардтары бойынша – жылдық мәнде 10,8%-ға (2020 жылғы I тоқсандағы – 8,0%) жоғары қалыптасты (24-график).

24-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы, Thomson Reuters, Ұлттық Банк есебі

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы


2020 жылғы II тоқсанда халық 390,7 млрд теңгеге баламалы сомаға (2020 жылғы I тоқсанда – 536,9 млрд теңге) қолма-қол шетел валютасын сатып алды. Өткен тоқсанмен салыстырғанда сатып алу 27,2%-ға азайды.

Халықтың шетел валютасын сатып алу шығындарының айтарлықтай төмендеуі бірнеше дәйекті факторларға байланысты. Біріншісі, алдыңғы тоқсанның аяғында, сәуірде және мамырдың бірінші жартысында елде айырбастау пункттері мен банктердің қызметін шектейтін төтенше жағдай режимі болды, бұл шетел валютасына сұраныстың төмендеуіне тікелей әсер етті. Сонымен қатар, короновирустың таралуын азайту үшін енгізілген халықаралық сапарлар мен туризмге қойылатын шектеулер қолма-қол ақшаға деген сұранысқа теріс әсер етті. Екіншіден, II тоқсанда ұлттық валютаның нығаюы аясында наурызда өскен халықтың девальвациялық күтулері тұрақтанып, құлдырай бастады.

2020 жылғы 19 наурыздан бастап елдегі төтенше жағдай кезінде айырбастау пункттерінің алыпсатарлық бағамды асыра көтеруінің алдын алу үшін шетел валютасын сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шегін белгілеу туралы шешім қабылданды. АҚШ доллары бойынша ауытқу шегі 6 теңгені, еуро бойынша 7 теңгені құрады. Айырбастау пункттеріне қатысты осы шектеудің қолданылуы ТЖ режимі аяқталғаннан кейін 2021 жылғы қаңтарға дейін ұзартылғанын атап өту қажет.

Қарастырылып отырған кезеңде шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын сатып алуға бағытталды – 73,3% (2020 жылғы I тоқсанда – 64,3%). Ресей рублінің үлесі 20,8% (2020 жылғы I тоқсанда – 26,9%) және еуро – 5,7% (2020 жылғы I тоқсанда – 8,7%) болды (25-график).

25-график



Дереккөзі: Ұлттық Банк

IV. Қор нарығы

2020 жылғы мамыр-маусымда жаһандық нарықтарда карантиндік шектеулердің әлсіреуі және дағдарысқа қарсы бағдарламалардың іске қосылуы аясында жағдайдың жақсаруы байқалды, бұл экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне ықпал етті. Сонымен бірге, әлемдік нарықтарда коронавирустық пандемияның күшеюі және сауда дауларының қайта басталуы қаупімен байланысты шиеленістер сақталуда.

Корпоративтік секторда қаражатты тарту 2020 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 578,1 млрд теңгеге дейін 2 есеге өсті. Корпоративтік облигациялар эмитенттерінің арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығарудың айқын үрдісі байқалды. Орналастыру көлемі бойынша квазимемлекеттік сектор мен ЕДБ көш бастап тұр.

2020 жылғы II тоқсанда ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ бастапқы нарықта орналастыру көлемі өсіп, 866,047 млрд теңгені құрады. 2020 жылғы 29 мамырда ҚР Қаржы министрлігі 2020 жылға арналған мемлекеттік бағалы қағаздарды (бұдан әрі – МБҚ) шығару кестесіне өзгерістер енгізу туралы жариялады, оған сәйкес ағымдағы жылдың соңына дейін Қаржы министрлігі 1 трлн теңгеге дейін өтеу мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейінгі МБҚ шығарады. Банк өтімділігінің ҚР Ұлттық Банкінің ноттарынан Қаржы министрлігінің МБҚ-на «әкелінуі» үшін Ұлттық Банк 2020 жылғы III тоқсанда жылдық ноттарды шығаруды алып тастау туралы шешім қабылдады.


Акциялар нарығындағы сауда-саттық екінші тоқсанда жанданды: көлемі 2020 жылғы сәуір-маусымда айтарлықтай өсті. Акциялар нарығындағы негізгі Эмитенттер экономиканың нақты секторы болып табылады.

А) Корпоративтік облигациялар нарығы

2020 жылғы II тоқсанда KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі 578,1 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы тоқсанға қарағанда 2 есе көп.

Бастапқы нарықтағы сауда көлемі 1,6 есеге артып, 382 млрд теңгені және қайталама нарықта 196,1 млрд теңгені құрады. Бастапқы нарықтағы сауда көлемінің үлесі корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемінің 66,1%-на жетті. Шығарылған корпоративтік облигациялар бойынша орташа кірістілік 10,4%-ды құрайды. Қарастырылып отырған кезеңде барлығы 8 эмитент орналастырылды (26-график).

26-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Тартудың негізгі үлесі «Бәйтерек девелопмент» АҚ (52% немесе 200 млрд теңге), «Баспана» ИҰ» АҚ (17% немесе 63,9 млрд теңге), «Нұрбанк» АҚ (12% немесе 46,8 млрд теңге), «Қазақстанның Даму банкі» АҚ (8% немесе 30,6 млрд теңге), «ҚазАгроҚаржы» АҚ (5% немесе 19,4 млрд теңге) «Агро кредит корпорациясы» АҚ (3% немесе 11,2 млрд теңге), «KEGOC» АҚ (2% немесе 9 млрд теңге) және «Технолизинг» АҚ (0,2% немесе 794 млн теңге) (27-график).

27-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Уақыт аралығы бойынша барлық 19 орналастыру 1 жылдан астам мерзімге жүзеге асырылды. «Баспана» ИҰ» АҚ эмитенті өтеуге дейін 2,7 жылдан 5 жылға дейінгі мерзіммен 13 орналастыруды, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ – 4,5 жылдан 20 жылға дейінгі мерзіммен 2 орналастыруды, «ҚазАгроҚаржы» АҚ –4,5 жылдан 4,7 жылға дейінгі мерзіммен 4 орналастыруды, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ – 6,4 жылдан 6,5 жылға дейінгі мерзіммен 2 орналастыруды, «Бәйтерек девелопмент» АҚ – 10 жыл мерзімімен 1 орналастыруды, «Нұрбанк» АҚ – 15 жыл мерзіммен 1 орналастыруды, «KEGOC» АҚ – 15 жыл мерзіммен 1 орналастыруды, «Технолизинг» АҚ – 3,5 жыл мерзіммен 1 орналастыруды жүзеге асырды (28-график).

2020 жылғы II тоқсанда неғұрлым ұзақ міндеттемелерді шығару үрдісі, оның ішінде «Баспана» ИҰ» АҚ, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Нұрбанк» АҚ тарапынан байқалды. Барынша ұзақ корпоративтік облигацияларды квазимемлекеттік сектордың институционалдық инвесторлары мен ЕДБ шығарды.

28-график

Орта мерзімді/ұзақ мерзімді корпоративтік облигациялар үшін бастапқы нарықта орналастырудың уақыт аралығы (1 жылдан астам)



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы
** «Қазақстанның Даму банкі» АҚ*
*** «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ*


Б) Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

KASE бастапқы нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі Қаржы министрлігінің МБҚ-мен жасалатын операцияларға тиесілі. 2020 жылғы II тоқсанда Қаржы министрлігінің МБҚ 866 млрд теңге сомасына орналастырылды. 2020 жылғы сәуір-маусымда 23 аукцион өткізілді, онда 10,20%-дан 11%-ға дейінгі аралықта өтеуге кірістілігі бар қысқа мерзімді МЕККАМ, орта мерзімді МЕОКАМ және ұзақ мерзімді МЕУКАМ орналастырылды (29-гафик).

2020 жылғы II тоқсанда жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру көлемі 23,4 млрд теңгеден 421,8 млрд теңгеге дейін 18 есе өсті. Негізгі өсім мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде 175 млрд теңге сомасына тұрғын үй құрылысын қаржыландырумен, сондай-ақ 200,0 млрд теңге сомасына «2020-2021 жылдарға Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландырумен байланысты. Тоқсан ішінде 14 облыс және республикалық маңызы бар 3 қала 421,8 млрд теңге сомасына жылдық орташа алынған кірістілігі 0,35%-дан 4,25%-ға дейінгі 2 жылдық мемлекеттік облигацияларды орналастырды.

29-график


2020 жылғы II тоқсанда мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

2020 жылғы мамырда Қаржы министрлігі[3] МБҚ шығару кестесіне өзгерістер енгізді, оған сәйкес ағымдағы жылдың соңына дейін Қаржы министрлігі 1 трлн теңгеге 1 жылдан 3 жылға дейінгі өтеу мерзімі бар МБҚ шығарады. Ағымдағы жылғы мамыр-маусымда жаңа кесте бойынша алғашқы аукциондар өткізілді, онда нарық тарапынан жоғары сұраныс байқалды. Осыған байланысты, 2020 жылғы шілденің басындағы 3 жылға дейінгі сегменттегі тәуекелсіз кірістілік қисығы[4] алдыңғы айларға қарағанда төмен болды. Жалпы алғанда, бір жылға дейінгі мерзіммен бағалы қағаздардың және басқа бағалы қағаздардың кірістілігін біртіндеп теңестіру байқалады (30-график).

30-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы


1 жылдық бағалы қағаздарға бағалы қағаздардың орташа кірістілігі ағымдағы жылғы мамырда 72 б.т. және ағымдағы жылғы маусымда 22 б.т.-қа айтарлықтай төмендеді. Ағымдағы жылғы мамырда 2, 3, 4 және 5 жылдық бағалы қағаздарға орташа

[3] Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын шығару кестесіне 2020 жылы өзгерістер енгізу туралы 2020 жылғы 29 мамырдағы ҚҚБ жаңалығы https://kase.kz/ru/news/show/1433091/

[4] Кірістілік қисығын құру үшін Қазақстан қор биржасының ресми сайтында жарияланған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілік функциясын айқындау әдістемесі қолданылды.

кірістіліктің төмендеуі байқалды және ағымдағы жылғы маусымда өсу байқалды (31-график).

31-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

В) Акциялар нарығы

Акция нарығындағы сауда-саттық екінші тоқсанда жанданды: көлемі 2020 жылғы сәуір-маусымда айтарлықтай өсті. Сондай-ақ, осы айларда акцияның бастапқы нарығында сауда-саттық орын алды (32-график).

32-график




Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

2020 жылғы наурызда екінші деңгейдегі жетекші банктердің акцияларының бағасы өсті. Нарықтағы бағаның ең жоғары өсуін «АТФБанк» АҚ-тың акциялары көрсетті. Сондай-ақ, Халық Банкі (ҚХЖБ) мен «ForteBank» АҚ акцияның айлық өсуі бойынша үздік 5

көшбасшы тобына кірді. Екінші деңгейдегі «Жусан» банкі бұл тізімде 2020 жылғы мамырда және маусымда байқалды. «Жусан» банкі осы тізімге 2020 жылғы маусымда енген жалғыз қазақстандық компания болды. Осы тоқсанда ең үлкен айлық өсуді «Ульмус Бесшоқы» АҚ акциялары (226,9%) көрсетті.


33-график



Дереккөзі: Қазақстан қор биржасы

Инвесторлардың құрылымы 2020 жылғы II тоқсанда қатты өзгерді. Егер 2020 жылғы сәуірде жергілікті компаниялар, брокер-дилерлерден басқа, акция нарығындағы ең белсенді ойыншылар болса, 2020 жылғы мамырда сауданың үлкен үлесі ел азаматтарына тиесілі болды. Бірақ соңғылардың үлесі 2020 жылғы маусымда екі есе азайды, ал инвесторлардың белсенді тобы құрамына брокер-дилерлер кірмейтін жергілікті компаниялар болды.

34-график



Дереккөз: Қазақстан қор биржасы

Акция нарығындағы басты эмитенттер үлесі 66% экономиканың нақты секторы, сондай-ақ қаржы секторы (28%) болып табылады. Еліміздің квазимемлекеттік компаниялары эмитенттер арасында ең аз үлесті алады (6%).

V. Депозит нарығы

2020 жылғы II тоқсанда ұлттық валютаның нығаюынан қайта бағалауға байланысты валюталық салымдардың едәуір төмендеуі есебінен депозиттік ұйымдарда депозиттер көлемінің төмендеуі байқалды. Валюталық депозиттердің төмендеуі кезінде теңгелік салымдардың өсуі орын алды, бұл 2020 жылғы II тоқсанда депозиттердің долларлануының төмендеуіне әкелді.


Базалық мөлшерлеме төмендегеннен кейін 2020 жылғы 6 сәуірде «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ белгілейтін халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер 2020 жылғы сәуірде наурыз деңгейінде сақталды. 2020 жылғы мамыр-маусымда ҚДКБҚ салымшылардың кетуіне жол бермеу және екінші деңгейдегі банктер үшін қорландыру құнының төмендеуіне жол бермеу үшін базалық мөлшерлеменің төмендеуінен кейін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді төмендету бойынша теңгерімді саясат жүргізді.

А) Депозит нарығы

Банк жүйесінің депозиттік портфелі 2020 жылғы екінші тоқсанда 2,0%-ға 19,9 трлн теңгеге дейін төмендеді. Өсудің баяулауына қарамастан, жылдық мәнде теңгелік салымдар есебінен депозиттердің 14,8%-ға өсуі сақталуда (35-график).

35-график

Депозиттер көлемінің өсуіне компоненттердің үлесі, ж/ж



Дереккөз: Ұлттық Банк

II тоқсанда депозиттер көлемінің төмендеуі теңгенің нығаюы аясында валюталық салымдардың азаюы есебінен болды, олар теңге салымдарының өсуімен салыстырғанда едәуір қарқынмен төмендеді. Шетел валютасындағы депозиттер көлемі II тоқсанда 1 528,9 млрд теңгеге немесе 16,1%-ға азайды. Теңгенің нығаю әсерін есепке алмағанда валюталық салымдардың төмендеуі 7,1% немесе 1 493,9 млн АҚШ доллары болды.


Салымдардың теңгелік сегменті теңгенің нығаюының ықпалымен, сондай-ақ халықтың теңгелік салымдарының барлық түрлері бойынша салыстырмалы түрде жоғары шекті мөлшерлемелерді сақтау нәтижесінде депозиттер бойынша тартымды мөлшерлемелер аясында қалыптасты. Ұлттық валютадағы депозиттер тоқсан ішінде бөлшек және корпоративтік секторда (549,6 млрд теңге және тиісінше 570,5 млрд теңге) абсолюттік мәнде бірдей өсумен 10,4%-ға немесе 1 120,1 млрд теңгеге өсті. Халықтың

теңгелік салымдарының әкелінуі I тоқсанда байқалған әкетілуден екі есе асып түсті, бұл «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ тарапынан мөлшерлемелерді реттеу бойынша қабылданған шаралардың уақтылығы мен тиімділігін көрсетеді.

Дегенмен, теңге салымдарының айтарлықтай өсуіне қарамастан, халықтың жалпы депозиттік портфелі II тоқсанда валюта бөлігінің (-13,0% немесе 597, 1 млрд теңге) төмендеуі салдарынан (-0,5%-ға немесе 47,6 млрд теңгеге) аздап қысқарды. Халықтың шетел валютасындағы салымдарының үлесі 2020 жылғы наурыздағы 47,0%-дан 2020 жылғы маусымдағы 41,1%-ға дейін айтарлықтай төмендегенін көрсетті. Халық салымдарының долларлануының төмендеуіне халықтың теңгелік салымдарының озыңқы өсуі және ұлттық валютаның нығаюы нәтижесінде валюталық салымдардың қайта бағалануы ықпал етті.

I тоқсанда айтарлықтай өсуден кейін корпоративтік сектордың салымдары халықтың валюталық салымдарына қарағанда жылдам қарқынмен төмендеген валюталық депозиттердің азаюы (- 19,0% немесе 931,7 млрд теңге) есебінен 2020 жылғы сәуір-маусымда 10,5 трлн теңгеге дейін 3,4%-ға немесе 361,3 млрд теңгеге төмендеді. Заңды тұлғалардың салымдарын долларландыру бөлшек сектормен салыстырғанда едәуір дәрежеде төмендеді және 39,0%-ды құрады, бұл салымдарды долларландырудың жалпы деңгейінің мәнінен төмен және 2019 жылғы ұқсас кезеңмен (38%) салыстыруға келеді.

36-график




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ағымдағы жылғы наурызда долларлану деңгейі ағымдағы жылы өзінің ең жоғары мәндеріне дейін (46,7%) өскеннен кейін 2020 жылғы II тоқсанның қорытындылары бойынша шетел валютасындағы салымдардың үлесі 40,0%-ға дейін төмендеді (36-график).

Заңды тұлғалар депозиттерінің үлес салмағы 2020 жылғы маусымда 2019 жылғы наурыздағы 51,9%-бен салыстырғанда 51,2%-ға дейін төмендеді (37-график).

37-график

Субъектілер бойынша депозиттер құрылымы,%



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2-қосымша


Өңірлер бөлігіндегі депозиттер

Өңірлер бөлігінде 2020 жылғы маусымның аяғында, 2019 жылғы маусыммен салыстырғанда, Маңғыстау облысын қоспағанда, барлық өңірлерде банктердегі депозиттердің өсуі байқалды.

Депозиттердің ең жоғары жылдық өсу қарқыны Түркістан облысында (28,2%), Алматы облысында (22,4%), Шымкент қ. (21,7%), Алматы қ. (21,0%) байқалды. Маңғыстау облысында депозиттік портфельдің төмендеуі корпоративтік сектор салымдарының азаюына байланысты болды.

Депозиттер көлемі бойынша көшбасшылар Алматы және Нұрсұлтан қалалары болып табылады, оларға республика бойынша барлық депозиттердің 44,1%-ы және 20,2%-ы тиесілі.

Өңірлер бөлігіндегі депозиттердің көлемі (млрд теңге)



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Депозиттерді долларландырудың неғұрлым жоғары деңгейі Алматы қ. (52,0%), Атырау облысында (48,2%), Нұр-Сұлтан қ. – 44,2%. 2020 жылғы маусымның қорытындысы

бойынша салымдардың ең аз долларлануы Солтүстік Қазақстан облысында (19,4%) және Түркістан облысында (12,6%) тіркелді.

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері

Әдістемеге сәйкес жеке тұлғалардың жаңадан тартылған салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғарғы мөлшерін анықтау және белгілеу[5], мерзімдері қысқа мерзімсіз, мерзімді және жинақ депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелердің мөлшері Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне байланысты белгіленеді. Мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі спрэдті қосқандағы базалық мөлшерлемеге тең, 3 және 6 айға мерзімді және жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемелері мәндердің ең үлкеніне тең: спрэдті қосқандағы орташа алынған нарықтық сыйақы мөлшерлемесі не спрэдті қосқандағы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі.

Базалық мөлшерлемені 6 сәуірден бастап 12%-дан 9,5%-ға дейін төмендеткеннен кейін Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры 2020 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген мерзімсіз және қысқа мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін төмендетті. Теңге депозиттері бойынша кірістіліктің күрт төмендеуіне жол бермеу және мөлшерлемелерді біртіндеп төмендетуге көшу үшін Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры спредтерді базалық мөлшерлемеге көтерді.

Нәтижесінде 2020 жылғы мамырда мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемесі 12,0-ды, 3 және 6 айға мерзімді депозиттер бойынша толықтырумен – 12,0%-ды, толықтырусыз – 12,5%-ды құрады. Жинақ депозиттері бойынша мөлшерлемелер осындай мерзімдерге толықтырумен 13,0%-ды және толықтырусыз 13,5%-ды құрады. 14,7%-ға және 14,8%-ға дейін төмендеген толықтырусыз жинақ депозиттерін қоспағанда, 2020 жылғы мамырға ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер өзгерген жоқ (1-кесте).

Мөлшерлемелерді біртіндеп төмендету шеңберінде сыйақының шекті мөлшерлемелерінің мөлшері 2020 жылғы маусымда қайта қаралды. Депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер ұзақ мерзімді жинақ депозиттерінен басқа, халық салымдарының барлық түрлері бойынша төмендетілді. Толықтыру құқығымен 24 айға жинақ депозиттері бойынша ең жоғары ұсынылатын мөлшерлемелер 12,9%-ға дейін, бір жылдан астам мерзімге толықтыру құқығынсыз – 14,9%-ға дейін өсті.

1-кесте

Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған салымдары бойынша ұсынылатын сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары мөлшерлемелері

		2020 сәуір	2020 мамыр	2020 маусым
1.	**Мерзімсіз депозиттер**	12,5	12,0	11,0
2.	**Мерзімді депозиттер (толықтыру құқығы жоқ)**			
	3 айға	13,0	12,5	11,5
	6 айға	13,0	12,5	11,5
	12 айға	12,2	12,2	11,2
	24 айға	12,9	12,9	11,1
	Мерзімді депозиттер (толықтыру құқығы бар)			
	3 айға	13,0	12,0	11,0

[5] Әдістеме «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2018 жылғы 12 шілдедегі №12 хаттама).

	6 айға	13,0	12,0	11,0
	12 айға	10,7	10,7	10,5
	24 айға	12,6	10,8	10,3
3.	**Жинақ депозиттер (толықтыру құқығы жоқ)**			
	3 айға	14,0	13,5	12,5
	6 айға	14,0	13,5	12,5
	12 айға	15,1	14,7	14,9
	24 айға	15,5	14,8	14,9
	Жинақ депозиттер (толықтыру құқығы бар)			
	3 айға	13,0	13,0	12,0
	6 айға	13,4	13,0	12,0
	12 айға	13,0	13,0	12,8
	24 айға	12,6	12,6	12,9

Дереккөзі: Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры

VI. Кредит нарығы


Енгізілген карантин аясында елде экономиканың бөлшек және корпоративтік секторларында кредиттік белсенділіктің баяулауы байқалды. Тұтынушылық кредиттеу бөлшек сектордағы төмендеудің негізгі факторы болып табылады, ал корпоративтік сегментте бұл фактор сауданы кредиттеудің төмендеуі болып табылады.

А) Жаңа кредиттер беру

2020 жылғы II тоқсанда берілген жаңа кредиттердің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,8%-ға немесе 766,1 млрд теңгеге азайып, 3 110,9 млрд теңге болды. Берілген кредиттердің төмендеуінің негізгі факторы бөлшек сауда секторы болып табылады, оның жалпы төмендеуге үлесі 19,8%-дан 17,8 п.т. құрайды. Бизнеске берілген кредиттердің теріс үлесі 1,9 п.т. құрады (38-график).

38-график

Субъектілер бойынша сәуір-маусымда берілген кредиттер



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Қатаң карантин аясында екінші деңгейдегі банктердің қызметі шектелген ағымдағы жылғы сәуірде кредиттік белсенділік барынша төмендеді. Әсіресе төтенше жағдайды енгізу жекелеген сектордағы кредиттік белсенділікке әсер етті.

Сонымен бірге, жаңа кредиттерді берудің айлық серпіні өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда көлемінің төмен болуына қарамастан кредиттік белсенділіктің қалпына келгенін көрсетеді. 2020 жылғы маусымда берілген кредиттердің көлемі 2020 жылғы мамырмен салыстырғанда 31,4%-ға ұлғайды, оның ішінде жеке тұлғаларға берілген жаңа кредиттер бір айда 1,8 есе өсті.


Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша кредиттеу бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында 2020 жылғы II тоқсанда заңды және жеке тұлғалар үшін кредиттік ресурстар құнының төмендегені байқалады. Атап айтқанда, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа сараланған мөлшерлеме 2019 жылғы II тоқсандағы 17,9%-дан 2020 жылғы II тоқсанда 17,1%-ға дейін 0,8 п.т-ға, бизнес кредиттері бойынша мөлшерлеме 11,9%-дан 11,5%-ға дейін 0,4 п.т-ға төмендеді. Ағымдағы жылғы маусымда заңды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша мөлшерлеменің 11,0% болғанын, оның инфляциялық таргеттеу режиміне өткен сәттен бастап ең төменгі мән болып табылатынын атап көрсеткен жөн.

3-қосымша

Өңірлер бойынша жаңадан берілген кредиттер

Солтүстік Қазақстан облысынан басқа еліміздің барлық өңірінде 2020 жылғы II тоқсанда жаңа кредиттер беру өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда азайды. Төмендеудің жартысынан көбі Алматы қаласында байқалғанын (төмендеу 444,4 млрд теңге) атап көрсету қажет. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қ., Қарағанды, Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстары[6] тарапынан айтарлықтай төмендеу үлесі байқалды.

Өңірлер бойынша 2020 жылғы сәуір-маусымда берілген кредиттердің өзгеруі, млрд теңгемен



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Жалпы алғанда, өңірлер бойынша 2020 жылғы II тоқсанда берілген кредиттердің барынша көп сомасы мына өңірлерге тиесілі: Алматы қ. (үлесі – 59,8%), Нұр-Сұлтан қ. (7,7%), Қарағанды (3,9%), Оңтүстік Қазақстан (3,7%) және Шығыс Қазақстан (3,4%) облыстары.

Егер Алматы, Жамбыл, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында көбінесе жеке секторға қарыздар (50%-дан астам) берсе, Алматы қаласында банктер негізінен заңды тұлғаларға кредиттер (үлесі – 90%) берді. Заңды тұлғаларға берілген барлық кредиттердің 70%-дан астамы Алматы қаласына тиесілі.

Б) Субъектілер бойынша жаңа кредиттер беру


2020 жылғы сәуір-маусымда жеке тұлғаларға берілген кредиттер өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 46,9%-ға азайды.

Іскерлік белсенділіктің төмендеуіне және тұтынушылық кредиттер бойынша банктік талаптардың қатаңдауына байланысты 2020 жылғы II тоқсанда азаматтарға тұтынушылық мақсаттарға берілетін қарыздардың азайғаны байқалды. Жеке тұлғаларға жаңа берілген кредиттердің негізгі үлесін құрайтын жаңадан берілген тұтынушылық кредиттердің көлемі (4/5) 2020 жылғы II тоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2 есе азайды (39-график).

[6] ОҚО Шымкент қаласы мен Түркістан облысын біледі.

39-график

Сәуір-маусымда жеке тұлғаларға берілген кредиттер



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Карантиннің енгізілуі ипотекалық кредиттеуге де әсер етті, ол 2020 жылғы II тоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 37,2%-ға азайды. Бұл ретте, берілген ипотекалық кредиттердің 90%-нан астамы мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан банктерге, сондай-ақ Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне тиесілі.


Төтенше жағдай режимі кезеңінде бизнесті жеңілдікпен кредиттеудің мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру кейіннен карантин жағдайларында жеке сектормен салыстырғанда корпоративтік сектордағы кредиттік белсенділіктің сақталуына әсер етті. 2020 жылғы сәуір-маусымда бизнеске берілген кредиттердің көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда небәрі 3,1%-ға азайды (жеке секторда құлдырау көлемі).

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын (78,1%) толықтыруға бағытталған, оның ішінде 95%-ы қысқа мерзімді (1 жылдан аз) болып табылады. Бұл ретте, объектілердің құрылысына және оларды қалпына келтіруге кредиттер берудің 32,5%-ға өскені байқалды.


Салаларға бөлгенде заңды тұлғаларға берілген кредиттердің корпоративтік кредиттердің төмендеуінің басты факторы болып табылатын саудада (9,2%-ға төмендеу) және байланыста (68,9%) төмендегені байқалады, ал өнеркәсіпте (22,5%-ға өсім), көлікте (33,5%), ауыл шаруашылығында (2,7%) және басқа салаларда (10,0%) өсу байқалады.

Сондай-ақ, бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің өскені байқалады. 2020 жылғы сәуір-маусымда шағын бизнеске берілген кредиттердің көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5,8%-ға ұлғайды.

40-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер



40-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер




В) Нетто-кредиттеу

2020 жылғы II тоқсанда берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырма заңды тұлғалардың ұлттық және шетелдік валютадағы нетто-кредиттерінің[7] өсуі есебінен (177,4 млрд теңге) оң болды (42-график).

42-график

2020 жылғы II тоқсандағы нетто-кредиттеу, млрд теңге



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2020 жылғы сәуірде халықты тұтынушылық мақсаттарға кредиттеудің азаюы нәтижесінде көбінесе жеке тұлғаларды ұлттық валютада таза кредиттеудің төмендеуі (-303,5 млрд теңге) есебінен нетто-кредиттеудің айтарлықтай азайғаны байқалды.


Бірақ, заңды тұлғаларды нетто-кредиттеудің оң үлесі байқалды.

ЕДБ кредиттері бойынша берешек қалдығы (кредиттік портфель)

2020 жылғы II тоқсанда кредиттік портфельдің көлемі жылдық көрсеткіште 7,9%-ға ұлғайып (жыл басынан бастап 0,4%-ға өсу), 13,9 трлн теңге болды (43-график). Кредиттік портфельдің жылдық өсуі ағымдағы жылғы наурызда ең жоғары деңгейге дейін қалпына келгеннен кейін (14,7%) қарқынды бәсеңдеп (2016 жылғы тамыздан бастап) барады.

43-график

ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні



Дереккөзі: Ұлттық Банк

[7] Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырма болып табылады

Валюталық кредиттерді бағамдық қайта бағалауды есептемегенде, кредиттік портфель жылдық көрсеткіште 6,9%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 0,4%-ға азаю).

4-қосымша

Салалар бойынша бизнеске кредиттер

Өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, құрылыста және тасымалдауда жаңа кредиттер беру 2020 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда II тоқсанда бәсеңдеді (тоқсанның алдыңғы жылғы тиісті жылға өзгеруі). Саудада, байланыс пен басқа да салаларда жаңа кредиттер беру төмендеуде. Басқа салалар құрамында дара кәсіпкерлер мен өндірістік емес салаға жаңа кредиттердің айтарлықтай төмендегені байқалды, ал жылжымайтын мүлікпен операциялар секторында карантин шараларының аясында жаңа кредиттер берудің төрт есе баяулағаны тіркелді.


Жаңа кредиттер беру құрылымында елеулі үлес саудаға (2020 жылғы 2-тоқсанда 50,8%), одан кейін өнеркәсіпке (25,6%), көлікке (5,6%), құрылысқа (4,9%), ауыл шаруашылығына (1,8%), қалған салаларға - 11,3% тиесілі. Сауда үлесін, оны кредиттеудің төмендегенін ескере келгенде, жалпы кредиттің берілуі 2020 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда теріс қалыптасты (2020 жылғы I тоқсанда 14%-ға өсу).

2020 жылғы II тоқсанда қаржылық жағдайының нашарлауына жол бермеу үшін кредиттер бойынша төлемдерді 90 күнге дейінгі мерзімге кейінге қалдыру арқылы (2020 жылғы 16 наурыз – 15 маусым аралығы) қарыз алушыларға көрсетілген қолдау аясында бизнестің ескі кредиттерін өтеу өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1 972,4 млрд теңгеге дейін 11,5%-ға (2019 жылғы II тоқсанда 2 228,6 млрд теңгеге) төмендеді. Қолдау шеңберінде қарыз алушы шағын және орта бизнес субъектілерінің жалпы санының 41,6%-дан астамы кредиттер бойынша төлемдерді кейінге қалдырды.

Нәтижесінде жаңа корпоративтік кредиттер беру бизнестің ескі кредиттерін өтеуден асып түсті. Осының есебінен бизнестің банктер алдындағы берешек қалдығы (банктердің кредиттік портфелі) өсудің оң аймағында қалады, бірақ 2020 жылғы маусымда бизнестің кредиттік портфелінің жылдық көрсеткіште өсу қарқынының 1,0%-ға дейін бәсеңдегені (2020 жылдың басынан бастап 0,9%-ға төмендеу) байқалады (45-график).

44-график


Жаңа кредиттер беру, %-бен өткен жылдың тиісті тоқ. қатысты тоқ.



Дереккөзі: Ұлттық Банк

45-график

Бизнестің кредиттік портфелінің өзгеру серпіні, %-бен ж/ж



Дереккөзі: Ұлттық Банк